



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Сенатының
депутаты
Ж.Ә. Жөргенбаевқа**

2022 жылғы 23 маусымдағы №16-13-138Д/С

Құрметті Жанболат Әкебайұлы!

Сіздің депутаттық сауалыңызды қарап, ауылдық жерлерде жайылымдардың жетіспеу мәселесін шешу үшін пайдаланылмайтын аңшылық алқаптарды мемлекетке қайтару мүмкіндігіне қатысты мынаны хабарлаймын.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес аңшылық шаруашылығы – бұл аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану, жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын сақтау, оларды қорғау және өсімін молайту жөніндегі шаруашылық қызметтің түрі.

Сонымен қатар, әдетте аңшылық шаруашылықтарының шекаралары оларды алып қоймай, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің, мемлекеттік орман қорының немесе өзге де мақсаттағы жерлердің үстінен өтеді. Бұл орайда, аңшылық шаруашылық субъектілері көрсетілген жерлердің меншік иелері бола алмайды және шарттық міндеттемелерге сәйкес тек аңшылық шаруашылығын ғана жүргізеді.

Демек, аңшылық шаруашылықтарына бекітілген аумақтарда мал жаюға немесе шөп дайындауға тыйым салынбайды.

Осылайша, аңшылық алқаптарды мемлекетке қайтару жайылымдардың ұлғаюына ықпал етпейді және ауылдық жерлерде жайылымдардың жетіспеу проблемасын оңтайлы шешуде серпінді шаралар әкелмейді.

Сонымен қатар, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін перспективалы учаскелерді және олардың оңтайлы алаңдарын айқындау мақсатында тиісті өлшемшарттары бекітілген

шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру рәсімі жыл сайын өткізіледі. Бұл ретте, жобаланатын аумақта жануарлардың саны мен түрлік сан алуандығы төмен екені анықталған жағдайда, бұл аумақ аңшылық шаруашылығы шекараларының құрамына енгізілмейді.

Жалпы, халықты жайылымдармен қамтамасыз ету мәселесі Үкіметтің тұрақты бақылауында тұр.

Ә. Смайылов

Орын. Ә. Тоқтарова
74-53-21